



# ЖАСТАРДЫҢ БИЗНЕС АШУЫНА АРНАЛҒАН МЕМЛЕКЕТТІК БАҒДАРЛАМАЛАР

АҚПАРАТТЫҚ ЛИФЛЕТ

ҚР АҚПАРАТ ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ ДАМУ МИНИСТРЛІГІНІҢ ҚАРЖЫЛАНДЫРУ ШЕҢБЕРІНДЕ  
"АЗАМАТТЫҚ БАСТАМАЛАРДЫ ҚОЛДАУ ОРТАЛЫҒЫ" КЕАҚ ҚОЛДАУЫМЕН

# "БАСТАУ-БИЗНЕС" ГРАНТЫ



## 1 380 000 ТЕҢГЕ

Айлық есептік көрсеткіштің 400 еселенген мөлшеріндегі мемлекеттік грант - бұл жаңа бизнесті бастау және дамыту үшін **қайтарымсыз негізде берілетін** бастапқы капитал.

Гранттар тек келесі бағыттарды дамытуға беріледі:



қажетті сайман, еңбек құралдарын сатып алу



технологиялық жабдықтарды сатып алу



жануарларды, малды, құсты, көшеттерді, бұталарды, тұқымдарды сатып алу



коммерциялық үй-жайларды жалға алу ақысы

## ГРАНТТЫ КІМ АЛА АЛАДЫ?

- Жұмыссыз немесе ЖК тіркелген (3 жастан аспаған)
- "Бастау Бизнес" жобасы бойынша кәсіпкерлік негіздерін оқытылған туралы сертификат иегері (**онлайн түде business.enbek.kz сайтында оқуға болады**)
- Әлеуметтік санаттардың біріне жататын адамдар: мүгедек баланы тәрбиелеп отырған көп балалы, қоныс аударушылар және қандастар, аз қамтылған адамдар (АӘК алушылар), асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша әлеуметтік жәрдемақы алушылар, мүгедектігі бар адамдар

## ГРАНТТЫ ҚАЛАЙ АЛУҒА БОЛАДЫ?

### 1

business.enbek.kz порталында тіркеліңіз



### 2

Пайдаланушының жеке кабинетіндегі "мәртебені тексеру" бөлімінде шарттарға сәйкестігін тексеруден өтіңіз.




### 3

Жеке кабинетте бизнес идеяңызды сипаттау үшін егжей-тегжейлі бизнес-жоспар жасаңыз.

### 4

Жеке кабинетте онлайн өтініш толтырып жіберіңіз



### 5

Сізге комиссия отырысының өткізілетін күні, уақыты мен орны көрсетілетін SMS-хабарлама келеді.



### 6

Комиссия мүшелеріне бизнес-идеяңызды таныстырыңыз.

### 7

Грант мақұлданған жағдайда банктік деректерді беріңіз



### 8

Халықты жұмыспен қамту орталығымен электрондық шартқа қол қойыңып, сіздің шотыңызға түскен грантты алыңыз




### 9

Грант қаражатын мақсатты пайдалану туралы тоқсан сайынғы есептерді ұсыныңыз.

## БЕЙНЕ-НҰСҚАУЛЫҚ



Телефонның камерасын бағыттап, грант алу туралы бейне нұсқаулықты көру үшін сілтемені басыңыз



# ЖАСТАРҒА АРНАЛҒАН ЖЕҢІЛДЕТІЛГЕН ШАҒЫН НЕСИЕ

## AGROCREDIT 5 000 000 ТЕҢГЕГЕ ДЕЙІН

АГРАРЛЫҚ НЕСИЕ КОРПОРАЦИЯСЫ

Шағын несие беру **21 жастан 35 жасқа дейінгі жас кәсіпкерлерді қолдауға бағытталған**, оларды өтім беру сәтінде жеке кәсіпкер ретінде тіркеу мерзімі 5 жылдан аспау қажет. Бағдарламаға жұмыс істейтін жастардың өкілдері де қатыса алады.

Қарыз сомасы

**5 млн. дейін**

Сыйақы мөлшерлемесі

**ЖЫЛДЫҚ  
2,5%**

Қарыз мерзімі

**5-7 жылға  
дейін**

Қарызды өтеудің  
жеңілдікті кезеңі

**Қарыз  
мерзімінің  
1/3 бөлігі**

### МІНДЕТТІ ШАРТ



Кепілмен қамтамасыз етілуі міндетті  
яғни жылжымалы және жылжымайтын  
мүлік.




Кепіл берушіні (ата-аналарын,  
туыстарын және т.б.) тартуға болады.

### ШАҒЫН НЕСИЕ АЛУ МАҚСАТТАРЫ


Шағын несие келесі мақсаттардан басқа кез келген мақсатқа беріледі :

- тұрғын жылжымайтын мүлікті (оның ішінде малшылар үшін уақытша/тұрақты тұрғын үйлерді) сатып алу, салу немесе жөндеу, жер учаскелерін сатып алу (кез келген нысаналы мақсатпен);
- бағалы қағаздарды сатып алу (портфельдік инвестициялар);
- қаруды (оның ішінде қару өндіруге арналған құрамдас бөліктерді), құрамында есірткі бар заттарды немесе азаматтық айналымнан алынған басқа да мүлікті өндіру немесе сатып алу;
- ойын бизнесін ұйымдастыру және (немесе) дамыту;
- Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынған террористік және кез келген өзге де қызметке байланысты қызмет;
- моторлы көлік құралдарын шығаруды және өз өндірісіндегі жүзімнен шарап өндіруді қоспағанда, акцизделетін тауарларды/өнімдерді шығару;
- темекі және/немесе алкоголь өнімдерін сатып алуды көздейтін жобалар;
- кредиторлық берешекті өтеу;
- бизнесті жүргізуге байланысты емес жеке тұтынушылық

### ШАҒЫН НЕСИЕНІ ҚАЛАЙ АЛУҒА БОЛАДЫ?



## ГРАНТЫ «ТӘУЕЛСІЗДІК ҰРПАҚТАРЫ» И «ZHAS PROJECT»



ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі әлеуметтік жобалар мен бизнес-идеяларды қаржыландыру арқылы жастардың, оның ішінде осал топтардың, әсіресе ауылдық жерлерде тұратын жастардың жаңа және қолданыстағы бастамаларын белсенді қолдайды.

Узнайте  
больше!

жасы  
**14-35**

сомасы  
**3 млн.  
теңгеге дейін**

«Тәуелсіздік ұрпақтары»

жасы  
**18-35**


сомасы  
**1 млн.  
теңгеге дейін**

ZHAS PROJECT



# ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ ЖӘНЕ КӘСІПКЕРЛІКТІ ҚОЛДАУҒА АРНАЛҒАН МЕМЛЕКЕТТІК ШАРАЛАРЫ ТУРАЛЫ КӨБІРЕК БІЛГІҢІЗ КЕЛЕ МЕ ?

"Бір терезеден" берілетін ақпараттық көмек



**[www.ekofond.kz](http://www.ekofond.kz)**



**+7 771 072 47 90**



**@business\_infokz**